

РУХАНИ  
ЖАҢГЫРУ



# ТУРАҒҰЛ ИБРАһИМҰЛЫ

## НЕМЕСЕ АЙТЫЛМАҒАН АКИҚАТ



(Басы өткен санда. Жалғасы)

Өлді деуге сия ма  
ойландаршы,  
Өлмейтүгүн артына  
сөз қалдырығаң?

АБАЙ

XXI ғасыр – тарихи сана өзгерісін  
кеңесінде ұшыраған кезең. Иә, ақиқаты осы.  
Хұрапақ ауысып, дәуірлер жаңаған са-  
йын тарихи қойнауда жасырулы жат-  
қан дүниелердің беті ашылып, жүрт-  
шылықтың ақиқатпен қауышатын за-  
маны міндетті түрде келеді.

бын жарықта шығарған біртуар пер-  
зент жайлы қалам сілтемеу мүмкін  
емес шығар.

**МұХТАР МЕН ТУРАҒҰЛ**

Алаш зиялдысы Турагүл Ибраһиму-  
лы 1875 жылы Шығыс Қазақстан об-  
лысы, Абай ауданында дүниеге кел-  
ген. Абайдың екінші әйелі Эйгерімнен  
тұған тұңғышы. Зерттеуші, ақын, эт-  
нограф, қоғам қайраткері, аударма-  
шы. Қазақтың занғар жазушысы. Мұх-  
тар Әуезовтің қолқа салуымен жазған  
Абай туралы ен құнды «Әкем Абай  
туралы» естепіктің және де бірката-

на жеке-жеке кітап болып басылып  
шығады. Сонымен бірге 1926 жылы  
Семей губерниялық баспасынан  
«Қолдағы малдардың, құстардың  
құрт ауруы болмагы жайы» (авто-  
ры А.Бельцер), 1927 жылы КСРО Ха-  
лықтары Орталық баспасынан «Ба-  
лалы әйел не білу керек?» (авторы  
Г.Сперанский) деген аудармалары  
жарық көреді» деген.

Алашорда көсемі Әлихан Бекей-  
ханов «Қекітай» атты мақаласын-  
да: «1904 жылы Абай марқұмның  
өлеңін кітап қылыш басындар деге,  
балаларына хат жаздым» дейді.  
Осының нәтижесінде Тураш 1909

дамын қатты қадағалап, қамқор-  
лық көрсетті. «Еңлік-Кебек» пье-  
сасы Турагүл болмаса жазылmas-  
та, саңнага қойылмас та еді. Би-  
лердің айтсыны, әр кейшірдің мі-  
незі мен өмірін Мұхтарға өз уйн-  
де отырып қағазға түсірткен де Ту-  
рагүл: «Ен алғашқы мақаласын га-  
зетке бастирган да сол адам». Ал  
Мәкен апа болса: «Мен 17 жасымда  
тұрмысқа шықтым. Жолдасым Ер-  
кежанның бірге тұган бауырының  
баласы, заң қызметкери Улыбек  
Мұхамеджанов. Біз жұмыс бабы-  
мен Шымкент қаласына ауысқан-  
да Тураш аға да соңда түрді. Сол  
кезде «Қозы Қөрпеш-Байн сұлу» ки-  
кайсының нұсқасын қиссаны шал-  
дардан көшіріп алғып: «Бул ете қа-  
жет. Жырдың осындай өзгеше нұс-  
қасын бұрын кездестіргенім жоқ»,  
– деп аса ынта қойып тындағы. Со-  
дан кейін Абай әкемнің творчестволық  
жолын, өлөндерінің шыну та-  
рихын жазған журналы күні кеше-  
ғана колды болды. Онда молмаглу-  
маттар кездеседі. Ол кісі 1933 жыл-  
дың аяғында Мұхтардың үйінде екі  
айдан қонақ болып, сол жолы рес-  
публикамыздың Орталық Атқару  
Комитетінің секретары Ораз Исаев-  
ка жолығып, творчестволық жұмы-  
сы жайлы әңгімелеседі. Алматыдан  
көңлі оралады. Алайда, аяқ ас-  
тынан сырқаттанып, 1934 жылы 6  
наурызда дүниеден қайтты. Жалпы  
Мұхтар да осы Тураш ағамды ау-  
зынан тастамайтын. Абай өмірінің  
қыр-сырын, Шыңғыс тау тарихын,  
көне оқиғаларды Мұхана жеткізген



ОТКЕН ЖЫЛЫ ҰЛЫ АБАЙДЫ – 175 жылдық мерейтой мемлекеттік деңгейде атап етілді. Абайдың жылы – бітті, бірақ жыры – мәңгілік. Сол еткен жылғы мерейтой кезінде ұстазым Ақжол Батырулының сөзімен айтқандай, «Хакім шығармашылығының квантессенциясы» – «Китаб тасдиқтің» транскрипциясы жасалып шықкан болатын. Бул жаңалық абаитанудай алыш мұхитқа қосылған тамшыдай улес деп санаймын.

Міне, биыл да торқалы тойдың қарсаңындағыз. Азаттықтың актаңы атып, Тәуелсіздіктің тұғырға қонғанына аттай зо жыл толыпты. Жоғарыда айтқанымыздай, Абайдың жылы бітсе де, жыры элі біткен жок, бітпейді де. Әслінде, дариядан тенізден сүн тартылуы бек мүмкін емес. Эл-Фарабитанушы Ақжан Машанов: «Абай – әдебиеттің шенберіне сыймайды» дегенді. Қалай айткан ә, дәл баға емес пе? Шығармасы өз алдына мұхит болса, өмірі ше? Рұмыры қуйік пен кермек тарташып, үлт пен үлт қайғысынан мына дүниемен қош айтсып кеткен жоқ па? Үлт қайғысы – үлтларды ой ауруына ұшыратқан індегі іспетті. Екі перзенті көз алдында, қош әке деп бақыға аттанып кете баруы – Абай үшін соккы болып тиіл. Мұнан кейінгін көтеру тиіт мүмкін емес. Қош, ку дүние кімге жолдағ болған? Хакім кеткеннен кейін де дұрпактары қылыш заманың салшарынан тарыдай шашырап кетті. Содурақтарының бірі һәм бірегей Әйгерімнен туған тұнғыш перзенті – Тұрагулдың тағдыры. Әңгіме сол Тұрагул хакында болмак.

Алаптанушы Мұратбек Кенемолдин «Тұрагул» есіміне қатысты: «Ұлы Абайдың өзі бул ұлын «Тұрагул» деп атап аған екен де, ела аузында «Тұрагул» болып кеткен» десе, Бағашар Тұрсынбайұлы: «Тұраш – Абайдың екінші әйелі Әйгерімнен туған тұнғыш баласы. Мұхтар Әуезов те. Қайын Мұхамедханұлы да Тұраштың есімін «у» әрпімен Тұрагул деп атап ағады. Кейінгі кезде ел ішінде, жазу-сызулың айналасында жүрген жандардың көбі «Тұрагул» деп жазатын болды. Біз де бір рет осылай деп жазғанымызда, Семейдегі абаитанушы, Қайымның шәкірті Арап Еспембетовтөн ес-кертү алдық. Тұрагул – тұра жолдагы Алланың күлы деген мағына беретін ер есімі болса көрек» деген тікірлер айтады. Осы ізben бізде тұлғаның есімін «Тұрагул» емес, «Тұрагул» деп атауды жөн көрдік. Ұлы Абайдың тәрбиеін көрген, әкесі дүниеден откеннен кейін алғашқы кіта-

туындылардың авторы. Мұхан (Мұхан – Мұхтар Әуезов) демекші, қолымыздығы фактілерге сүйенсек Тұраштың Мұхтармен арақатынасы ете жылы болған деседі. Тұрагул тиіті Мұхтарга рұхани демеуші де болған. Оған қоса Абай туралы маглұматтардың көбін Тұраштың әңгімелегі негізінде Мұхан өз енбектерінде кең көлемде пайдаланған. Бул туралы ғалым Тұрсын Жүртбай «Бесігінді түзе» гүмірнама-толғауында Тұраштың қыздары Ақылия мен Мәкеннің естелігін байлайша жеткізеді: «Тұрагул ағамыз өнерге құштар, сауыққой, іскер, сөзді мәнерлеп, мақалдаш, шешен сөйлейтін. Қөп оқитын. Жастарды әкемнің (Абайдың) дәстүрінде тәрбиелеп, соны дамытуға зер салатын. Өзі де бірнеше, анығын айтсам, төрт шығарманы орыс тілінен қазақшага тәржімалады. Біразы дер кезінде баспасөз бетінде жарықта көрді. Соның ықпалының арқасында біздің үйге оқыган жастар үйір есті. Бәрі де Тұраш ағаны сағалайтын».

Мәкен Тұрагулқызы: « – Абай ауылының кейінгі кездегі үйитқысы – Тұраш аға. Ол кісінің өзім білетін қасиеттері ен алдымен – шешендігі. Ол кісі талай рет билік тә айттып, екі елдін арасын бітістірді. Өнерді аса қадрлайтін. Қара сөзге – жорға еді. Қыннан қыстырып, үзыннан үйлесімін тауып, үзілген көнілді сөзбен жалғап жіберетін. Ұстамды. Тереннен ойлап, байсалды пікір қозғайтын. Барлық Абай ауылының дәстүрін ілгері жалғастырушы, дамытушы сол Тұраш аға. Кейінгілерге де бас-көз болды. Ол кісі орыс жазушыларының әңгімесін көп аударды. Біразы баспасөз бетінде жарық көрді» дейді. Иә, нак осы жолдардан Тұрагул Ибраһимұлының тарихи бейнесі мен әдебиет пен руханиятқа саф адалдығын анық аңаруға болады.

Зерттеуші М.Кенемолдин Тұрагулдың мұралары туралы: «...1925 жылы А.М. Горькийдің «Челкаш» әңгімесін алғаш рет қазақ тіліне аударып, Мұхтар Әуезұлының редакторлығымен Семейде шығып тұрған «Таң» журналының №3, 4 сандарында жариялады. Ал 1927 жылы Әлихан Бекейхан қызмет істейтін Мәскеудегі КСРО Халықтары Орталық баспасынан Тұрагул Абайұлының қазақшага аударуындағы А.Неверовтың «Ортақшыл Мария» және «Мен өмірге жерікпін», Джек Лондонның «Балаңнан ерлігі», Болеслав Прусилиның «Антек қыран» әңгімелері өз алды-

жылы Абайдың інісі бісқақтың баласы Кәкітаемен бірлесіп әкесі Абайдың өлеңдерін тұнғыш рет Петербургтегі Ильяс Бораганскийдің баспахасынан кітап етіп шығарады. Дәл осы мақаласында Әлекен Тұрагулдың азаматтық болмысы тура-лы: «Сейтіп кейін бірінші Г. Дума депутаттары саясат әдісіне сайланған жерде абақтыға отыралық десті. Мен осы шартпен жазғытуры 1908-нші жылы Семей келдім. Мен Семейде абақты борышымды күтіп жүргенде Шәкәрім, Кәкітай, Тұрагул әдейі қалага келіп, тағы да біраз күн көніл көтеріп, шат болған едік. Мен абақтыда жатқанымда осылар тағы келіп амандақсан. «Бұдан өзге қазақ жарамады-ау» деймін» деп жазады. Алаш зиялышарымен араласып журудің нәтижесінде Тұрагул қоғамдық-саяси сахнага араласып елдік мәселеге үн қата бастайды. Бул жылы профессор Мекемтас Мырзахметұлы: «1918 жылы Тұрагул Семей қаласындағы земуправта гласный қызметін атқарады. Сейтін Тұрагул 1928 жылы конфіскеге ілінді. Ереже бойынша ірі қара малы зоо-ден ассағана конфіскеге ілінүі керек еді. Бірақ асыра сілтеу заманында Тұрагул үй-ішінің малы 52 қара малға шағып көрсетілсе де, шынжыр балақ шүбар тестің түқымы деп зорлықпен оны Сырдария округіне жер аударды» деген дерек келтіреді. Ал осы кудалау мен конфіскеге қатысты М.Кенемолдин өзінің зерттеуде: «Мысалы, Тұрагул Абайұлын қудалауга байланысты Семейдегі Шығыс Қазақстан облысының қазіргі заман құжатнама орталығында «Дело Ибрагимова Тұрагула о выселении и конфискации скота» деген құжат сақталған. Сондай-ақ мұндай құжаттарды Алматыдағы Республикалық Мемлекеттік Орталық мұрагаттараты Т.Күнанбайұлына қатысты қозғалған қылымыстық іс қағаздарынан да кездестіреміз. Бұл құжаттардың бірінде, яғни бай-кулактардың мал-мұлқін тәркілеу жөніндегі Семей округтік комиссиясының 1928 жылдың 19 қарашасындағы қаулысында облыс қолеміндегі бір топ ауқатты адамдармен бірге Тұрагул Абайұлының да істі болып, бүкіл отбасымен жер аударылғаны айттылады. Аталмыш қаулыда оның отбасы құрамы туралы төмөндегідей деректер берілген:

Зайыбы Миса – 58 жаста.

Екінші зайыбы Сақыпжамал – 53 жаста.

жылы Абайдың інісі бісқақтың баласы Кәкітаемен бірлесіп әкесі Абайдың өлеңдерін тұнғыш рет Петербургтегі Ильяс Бораганскийдің баспахасынан кітап етіп шығарады. Дәл осы мақаласында Әлекен Тұрагулдың азаматтық болмысы тура-лы: «Сейтіп кейін бірінші Г. Дума депутаттары саясат әдісіне сайланған жерде абақтыға отыралық десті. Мен осы шартпен жазғытуры 1908-нші жылы Семей келдім. Мен Семейде абақты борышымды күтіп жүргенде Шәкәрім, Кәкітай, Тұрагул әдейі қалага келіп, тағы да біраз күн көніл көтеріп, шат болған едік. Мен абақтыда жатқанымда осылар тағы келіп амандақсан. «Бұдан өзге қазақ жарамады-ау» деймін» деп жазады. Алаш зиялышарымен араласып журудің нәтижесінде Тұрагул қоғамдық-саяси сахнага араласып елдік мәселеге үн қата бастайды. Бул жылы профессор Мекемтас Мырзахметұлы: «1918 жылы Тұрагул Семей қаласындағы земуправта гласный қызметін атқарады. Сейтін Тұрагул 1928 жылы конфіскеге ілінді. Ереже бойынша ірі қара малы зоо-ден ассағана конфіскеге ілінүі керек еді. Бірақ асыра сілтеу заманында Тұрагул үй-ішінің малы 52 қара малға шағып көрсетілсе де, шынжыр балақ шүбар тестің түқымы деп зорлықпен оны Сырдария округіне жер аударды» деген дерек келтіреді. Ал осы кудалау мен конфіскеге қатысты М.Кенемолдин өзінің зерттеуде: «Мысалы, Тұрагул Абайұлын қудалауга байланысты Семейдегі Шығыс Қазақстан облысының қазіргі заман құжатнама орталығында «Дело Ибрагимова Тұрагула о выселении и конфискации скота» деген құжат сақталған. Сондай-ақ мұндай құжаттарды Алматыдағы Республикалық Мемлекеттік Орталық мұрагаттараты Т.Күнанбайұлына қатысты қозғалған қылымыстық іс қағаздарынан да кездестіреміз. Бұл құжаттардың бірінде, яғни бай-кулактардың мал-мұлқін тәркілеу жөніндегі Семей округтік комиссиясының 1928 жылдың 19 қарашасындағы қаулысында облыс қолеміндегі бір топ ауқатты адамдармен бірге Тұрагул Абайұлының да істі болып, бүкіл отбасымен жер аударылғаны айттылады. Аталмыш қаулыда оның отбасы құрамы туралы төмөндегідей деректер берілген:

Ұлы Жебрәйіл (Том политехникалық институтында оқуда) – 25 жаста.

Ұлы Зубайыр – 23 жаста.

Келіні Қанағат – 23 жаста.

Келіні Рахия – 18 жаста.

Ұлы Алыпарыстан (дүркесін айтсақ немересі – Е.С.) – 5 жаста.

Немересі Кенесары – 3 жаста.

1928 жылдың күздегі Т.Абайұлын айыптау кезінде одан 36 бас ірі қара малымен, 7 бөлмелі үй, алты қанат киіз үй мен кілемі тәркіленіп алынады, ал өзі отбасымен бірге Шу өніріне жер аударылады» деген дәлелдер айтады. Мінеки, осыған дейін ақ күрделенген жағдай будан ары ушыға туседі. 1927 жылы Тұрагул тұтындалады. 1928 жылы босал шықкан соң, Шымкентке жер аударылып, үзакқа созылған дерптің салдарынан 1934 жылы 6 наурызда қызы Мәкеннің қолында бұл дүние мен қош айтсыады. Біз жоғарыда Мұхан мен Тұраштың ерекше байланысы туралы айтқанымыздай Тұрагул дүниеден өтерінен бір жыл бұрын, яғни 1933 жылы М.Әуезовтің үйінде қонақта болған, тиіті, Мұханың қаламынан тұған «Енлік-Кебектің» тілі – тұнып тұрған халықтың тілі. Ерекше тіл. Оны Тұраш ағама айтқызып, көшіріп қағазға түсірдім, – деді.

– Жоқ, Мұха!

– Нәлі, осы сөндердің сондай өнегелі жайды көрмейтіндерін, сезбейтіндерін бар-ау. Қудай-ау өзінің әкен Тұраш ағадан естіп, жазып алдын ғой. Мактанғаным емес басқа жазғандарынан ғөрі, «Енлік-Кебектің» тілі – тұнып тұрған халықтың тілі. Ерекше тіл. Оны Тұраш ағама айтқызып, көшіріп қағазға түсірдім, – деді.

Иә, ол кісі билердің психологиясын, кесімін, мінез құлқын жақсы біледін. Өзі де революцияға дейін талай ер күнын шешетін дауга аға би болып, төрелік айтқан» дейді. Тұрсын ағамыздың енбегіне қарап отырсақ, Тұрагулдың шығармашылығы мен көрегендігін айна қатесіз айқында тұрғандай. Міне, екіншіке орай бүгінде Тұраш атамыз өзінің деңгейінде дәрілтелмей келе жатқаны бізді қынжылтатыны жасырын емес. Тұрагул Ибраһимұлының тағдыры, жалпылай алғанда Абай үрпактарының тағдыры естісе тұла-бой тітіркениң, жан түршігетін алапаттарға душар болуы да – пешенеге жазылған тарихи трагедия емес пе?

Әзімхан ИСАБЕК, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті «Мұхтартану» ғылыми орталығының жоғары білікті маманы, гуманитарлық ғылым магистрі

(Жалғасы келесі санда)

